

Хаттама №6

Бақылау кеңесінің кезектен тыс отырысы «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК

«17» қазан 2019г.

Алматы ауд., Қарғалы т.а.

Отырыс орны: Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Қарғалы тұрғын алабы, А.К.Құрғылов көшесі, 19б, «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК, бөлме – №1.

Отырыстың басталу уақыты: сағ.16:00

Отырыстың аяқталу уақыты: сағ.17:20

Отырыстың өткізу түрі: бетпе-бет.

Отырысқа қатысқан Бақылау кеңесінің мүшелері:

1. Демегенов Есентемир Елеусинович – ШЖҚ «Темір орталық аудандық ауруханасы» МКК бас дәрігері;
2. Дуйсенбаева Айгуль Кангереевна – Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары;
3. Жанабаев Алтынбек Жалгасбаевич - ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК бас дәрігері;
4. Имансу Ольга Васильевна – ШЖҚ «Ақтөбе облыстық тері-венерологиялық диспансері» МКК бас дәрігері;
5. Аманғалиев Руслан Калыбаевич – жеке кәсіпкер;
6. Альжанов Нурбек Сагнаевич – Ақтөбе облысының қорғаушылар алқасының Қорғаушысы.

Қатыспаған мүшелер:

1. Нармухамедов Жанвек Караевич – ШЖҚ «№3 қалалық емхана» МКК бас дәрігері;

Кворумның болуы анықталды. Кәсіпорынның Бақылау кеңесі отырысы заңды деп танылады, бақылау кеңесінің барлық мүшелеріне отырыстың өтетін орны мен уақыты хабарланды, отырыста Бақылау кеңесінің жартысынан артық мүшесі қатысуда.

Шақырылған адамдар:

- 1) Мамбеталина Л.И. – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК бас есепші;
- 2) Масловская В.А. – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК экономист;
- 3) Мухит К.М. – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК ЕҚ және ТҚ инженері;
- 4) Кыдырбаев Т.Ж. – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК методист дәрігер;
- 5) Умирзаков М.С. – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК мемлекеттік сатып алу есепшісі;
- 6) Мердігер «СтройМастерКласс» ЖШС директоры Кистаубаев М.К.;
- 7) Мердігер «СтройМастерКласс» ЖШС өкілі Куатов А.С.;
- 8) Авторлық қадағалау Ешимкулов Нургали Таттигалиевич ЖК өкілі Нургельдина Б.С.;
- 9) Техникалық қадағалау «СанТехМонтаж-Актобе» ЖШС өкілі Ергалиев А.С.
- 10) Санитарлық-эпидемиологиялық аудит қызметі «Актобе-Эксперт» ЖШС өкілі Аргынбаева А.Р.;
- 11) Сарсембаева Б.К. – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК эпидемиолог дәрігер;
- 12) Темірбаева Г.Б. – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК Кәсіподақ ұйымының төрағасы;
- 13) Сейтмухамбетов М.Р. – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК аурухана бойынша клиникалық аудит өткізуге жауапты маман;
- 14) Аманжолов Е.К. – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК төтенше жағдай бойынша маман.

Отырыстың күн тәртібі

1. Қарғалы қалалық ауруханасы екі қабатты ғимаратының күрделі жөндеуі бойынша.

Бақылау кеңесінің мүшесі – А.Ж. Жанабаев ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК бас дәрігері: Құрметті бүгінгі Бақылау кеңесінің қатысушылары, Бақылау кеңесінің мүшелері, шақырылған комиссия мүшелерін, жауапты мамандарын таныстырып өтейін, ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК-ның Бақылау кеңесінің төрағасы Демегенов Есентемир Елеусинович – ШЖҚ «Темір орталық аудандық ауруханасы» МКК бас дәрігері, Бақылау кеңесі мүшелері: Дуйсенбаева Айгуль Кангереевна – Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары, Имансу Ольга Васильевна – ШЖҚ «Ақтөбе облыстық тері-венерологиялық диспансері» МКК бас дәрігері, Амангалиев Руслан Калыбаевич – жеке кәсіпкер, Альжанов Нурбек Сағнаевич – Ақтөбе облысының қорғаушылар алқасының Қорғаушысы, комиссия мүшелері және шықырылған мамандар: Мамбеталина Лаззат Изтлеуқызы – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК бас есепші, Масловская Валентина Алексеевна – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК экономист маманы, Мухит Куаныш Мухитұлы – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК ЕҚ және ТҚ инженері, Кыдырбаев Тахуадин Жұмабекұлы – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК методист дәрігер, Умирзаков Миралы Сералиевич – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК мемлекеттік сатып алу есепшісі, Мердігер «СтройМастерКласс» ЖШС директоры Кистаубаев Мирас Куанышевич, Авторлық қадағалау ЖК «Ешимкулов Нургали Таттигалиевич» өкілі Нургельдина Б.С., техникалық қадағалау «СанТехМонтаж-Ақтөбе» ЖШС өкілі Ергалиев Амандық Сырымович, Санитарлық-эпидемиологиялық аудит қызметі «Ақтөбе-Эксперт» ЖШС өкілі Аргынбаева А.Р., Сарсембаева Б.К. – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК эпидемиолог дәрігері, Темірбаева Г.Б. – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК Кәсіподақ ұйымының төрағасы, Сейтмухамбетов Мақсат Рашитұлы – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК аурухана бойынша клиникалық аудит өткізуге жауапты маман, Аманжолов Есілбай Куракбаевич – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК төтенше жағдай бойынша маманы, және Бақылау кеңесінің хатшысы Демеубаева Сарыалка Турымтаевна. Бақылау кеңесіне қатысып отырған осы құраммен отырыс арасында аурухананың күрделі жөндеу жұмыстарының жүргізілу барысымен танысып өтіңіздер.

1. Күн тәртібіндегі сұрақ бойынша ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК М.С. Умирзаков – мемлекеттік сатып алу есепшісі баяндады:

ҚР-ның 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №1193-IV «Халық денсаулығы» кодексінің 10-бабының 1-бөлімінің 5 тармағына сәйкес, Ақтөбе облысының әкімдігінің 2017 жылғы 11 ақпандағы №2 қаулысымен бекітілген «Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасы мемлекеттік мекемесі туралы»

Ереженің 21-тармағының 5) тармақшасына сәйкес 2019 жылғы 1 наурыздағы Ақтөбе облыстық мәслихатының №380 шешіміне және 2019 жылғы 11 наурыздағы Ақтөбе облыстық әкімдігінің №98 қаулысы негізінде және Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасының 26 маусым 2019 жыл №113Ө-§3 «Күрделі жөндеу жұмыстарына қаржы бөлу туралы» бұйрығымен ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК-на 51 804 мың теңге бөлініп, Ақтөбе облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасымен «Ашық конкурс» тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша мердігер «СтройМастерКласс» ЖШС-мен «Қарғалы қалалық ауруханасы екі қабатты ғимаратының күрделі жөндеуі» келісім-шарты жасалды, келісім шарт бойынша жұмысты орындау мерзімі – «Шарт күшіне енген күннен бастап 90 күнтізбелік күннен кешіктірмей» күшіне енеді, келісім шартқа 2019 жылы 12 шілдеде қол қойылды. Келісім шарт Келісім шарттың орындалуын қамтамасыз ету төлем тапсырмасы салынған күннен бастап күшіне енеді. Келісім шарттың орындалуын қамтамасыз ету төлем тапсырмасы бойынша, келісім шарт 2019 жылы 19 шілдеде күшіне енді. Келісім шарт бойынша жұмыстың аяқталу мерзімі 17 қазан 2019 жылы соңғы күні болып табылады. **Бақылау кеңесінің мүшесі – А.К. Дуйсенбаева:** Келісім шарттың жалпы сомасы қанша? Және осы уақытқа дейін қанша қаржылық аударым болғанын сұрады.

Сөз кезегі Л.И. Мамбеталинаға– аурухананың бас есепшісіне берілді: Келісім шарттың жалпы сомасы 45 910 814,00 теңге. Күрделі жөндеу басталып, жүргізілген уақыттан бастап төлем тапсырмаларымен таныстырып:

- 1) №1558 10.10.2019ж. – 5 502 401,00 теңге;
- 2) №1467 30.09.2019ж. – 10 000 000,00 теңге;
- 3) №1384 17.09.2019ж. – 10 834 721,00 теңге төленгенін айтып өтті.

Бүгінгі күнге дейін 17.10.2019ж. 26 337 122,00 теңге аударылды.

Келісім шарт шарттың орындалуын қамтамасыз ету төлем тапсырмасы бойынша 2019 жылы 19 шілдеде күшіне енді.

Бақылау кеңесінің төрағасы Е.Е. Демегенов: – техникалық қадағалау өкіліне сұрағым бар. Жұмыс көлемі қанша пайызға жасалып, аяқталып бітіп тұр?

«СанТехМонтаж-Актобе» ЖШС техникалық қадағалау өкілі А.С. Ергалиев: - Бүгінгі тексеру нәтижесінде аурухананың күрделі жөндеу жұмыстары 80% -дан аса жасалып, біткен. Қазіргі кезде қалып тұрған жұмыстары: әрлеу жұмыстарынан бояу (покраска), кафельді еден, линолеум төсеу керек, сигнализация қондырылып жатыр, витраждар сыртқы есіктер, санитариялық аспаптар қондырылуы керек. Материалдары толық алынған.

Бақылау кеңесінің төрағасы Е.Е. Демегенов: – техникалық қадағалау өкіліне сұрақтарыңыз бар ма? Бақылау кеңесінің мүшелерінен сұрақтары болмаса,

Мердігер «СтройМастерКласс» ЖШС директоры М.К. Кистаубаевқа сөз кезегі беріледі: Қазіргі таңда техникалық қадағалау өкілі айтқандай сондай пайызды жұмыс бітіп тұр. Қалған жұмыстарды бір аптаның ішінде бітіріп

беруге кепіл береміз. Материалдарымыз алулы. Жұмыс басында келісімге уақыт кетіп қалды. Сол себептен уақытында бітіріп үлгермедік.

«СанТехМонтаж-Актобе» ЖШС техникалық қадағалау өкілі А.С. Ергалиев: – Сізде жасалмаған витраж бар, әрлеу жұмыстары бар қашан жасайсыз?

Мердігер «СтройМастерКласс» ЖШС директоры М.К. Кистаубаев: - Витражды 2019 жылы 19 қазан күні, яғни таңертеңгі уақыттан бастап қондырылады. Жасалынып, әкелініп тұр. Үлгере алмай жатырмыз.

Бақылау кеңесінің төрағасы Е.Е. Демегенов: – М.Кистаубаев мердігер «СтройМастерКласс» ЖШС директорына сұрақтарыңыз бар болса сұрақ қойсаңыздар болады?

М.С. Умирзаков мемлекеттік сатып алу есепшісі: - Бүгін күрделі жөндеу жұмыстарының аяқталу күні, яғни Келісім шарт пен заң бойынша 17-ші қазан 2019 жыл соңғы күн деп есептеледі. Әрі қарай ҚР заңнамаларына сәйкес шаралар қолданылатындығын айтты.

Бақылау кеңесінің мүшесі – А.К. Дуйсенбаева мемлекеттік сатып алу есепшісіне Умирзаковқа М.С. **сұрақ қойды:** Сіз айтып өттіңіз Келісім шарт *Келісім шарттың орындалуын қамтамасыз ету төлем тапсырмасы салынған күннен бастап әлде келісім шартқа қол қойылған күннен бастап күшіне енеме?*

Умирзаков М.С. – мемлекеттік сатып алу есепшісі жауап берді: ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы бойынша Келісім шарт Келісім шарттың орындалуын қамтамасыз ету төлем тапсырмасы салынған күннен бастап күшіне енеді. 2019 жылы 19 шілдеде төлем аударылды. Келісім шарттың орындалуын қамтамасыз ету төлем тапсырмасы бойынша, келісім шарт 2019 жылы 19 шілдеде күшіне енді.

Бақылау кеңесінің мүшесі – А.К. Дуйсенбаева: Келісім шарттың орындалуын қамтамасыз ету төлем тапсырмасының енгізілген уақыты қандай? 2019 жылы 19 шілдеде жасалынған төлем, қандай жағдайларда қайтарылмайды? Өсімақы болған жағдайда мердігерге Келісім шарттың орындалуын қамтамасыз ету төлемі қайтарылама?

М.С. Умирзаков– мемлекеттік сатып алу есепшісі жауап берді:

ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 25-бабы «Конкурсқа қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз ету», 4 – тармақ: Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде:

1) конкурс жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарғанда;

2) конкурс жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасаса отырып, конкурстық құжаттамада белгіленген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамағанда не тиісті түрде орындамағанда, оның ішінде уақтылы орындамағанда, конкурсқа қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз етуді әлеуетті өнім берушіге қайтармайды.

Осы екі жағдайда ғана қайтарылмайды. Бұл жағдайлар Мердігерде болмаған жағдайда, толық қайтарылады.

Бақылау кеңесінің төрағасы Е.Е. Демегенов: – Осы бақылау кеңесінің отырысында күрделі жөндеу жұмыстарын нақты қай уақытта бітіріп, тапсыратын күнін айтсаңыз? 2019 жылы 18-ші қазаннан бастап, өсімақы есептелінетінін білесізбе?

Мердігер «СтройМастерКласс» ЖШС директоры М.К. Кистаубаев: - күрделі жөндеу жұмыстарын бір аптада бітіріп тапсырамыз деп кепілдік беремін, яғни 2019 жылы 24 қазанда бітіріп, 25 қазанда тапсырамын. Иә біз оны ескердік. Өсімақыны жұмысты тапсыруға кешіктірілген күндерім үшін төлеймін.

М.С. Умирзаков – мемлекеттік сатып алу есепшісі жауап берді: жасалған келісім шарттың 8.3 тармағы бойынша Жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

Тағыда айтып ескере кететін жағдай, мердігер жасалған келісім шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған, не тиісті түрде орындамаған кезде «Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі» өнім берушілердің тізбесіне қосу үшін ҚР Зандарына сәйкес сот процесстері жүргізілетіндігін, және Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне соттың күшіне енген соттың шешімі арқылы енетіндігін айтты. Кінә қою хаты (претензионное письмо) 17 қазан 2019 жылы мердігерге табыс етілді.

«Ешимкулов Нургали Таттигалиевич» ЖК авторлық қадағалау өкілі Б.С. Нургельдина: менің тапсырыс берушіге, жұмысты келісім шарттың уақытында орындалмай, тапсырылмауына байланысты, ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына сәйкес сотқа жүгінуге міндетті екеніңізді ескеруіңізді сұраймын.

Бақылау кеңесінің төрағасы Е.Е. Демегенов: Иә Сіз орынды айттыңыз, мердігер «СтройМастерКласс» ЖШС өнім беруші уақытында жұмысты бітіріп, тапсырмады. Сондықтан тапсырыс беруші өнім берушіні «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының бабына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып, сотқа жүгінуі кажет.

Бүгінгі бақылау кеңесіне қатысқан мүшелері мен шақырылған өкілдерді, аурухана қызметкерлерімен жүріп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының барысын қарап, аралап шығуға ұсынамын.

«Қарғалы қалалық ауруханасы екі қабатты ғимаратының күрделі жөндеуі»-нің жұмыстарын қарап, аралап шықты. Қазіргі таңда әліде бітпеген жұмыстарын мердігер жұмысшылары жасап жатыр. Материалдары алынған. Әрлеу жұмыстары жүргізілуде.

Бақылау кеңесі төрағасы жіне мүшелері, Бақылау кеңесіне қатысқан шақырылған техникалық қадағалау, авторлық қадағалау және мердігер өкілдері мен аурухана бұйрығымен құрылған комиссия мүшелері, аурухананың жауапты қызметкерлерін тыңдай келе, және жүргізіліп жатқан аурухананың күрделі жөндеуі барысымен танысып, дауыс беру арқылы,

ШЕШТІ:

1. Мердігер «СтройМастерКласс» ЖШС күрделі жөндеу жұмыстарын 17 қазан 2019 жылы тапсыруы қажет, алайда тапсыра алмайтындықтан 2019 жылы 24 қазанда бітіріп, 25 қазанда тиісті құжаттарымен тапсыруға кепілдік берді. Өсімақыны жұмысты тапсырған күнге дейінгі уақыты есептелініп төлейді.

2. Орындалмаған жағдайда ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына сәйкес шаралар қолданылады.

Дауыс беру қорытындысы:

ИА – 6 дауыс, ҚАРСЫ – жоқ, БЕЙТАРАП – жоқ.

Шешім қабылданды: 6 дауыспен.

Бақылау кеңесінің төрағасы:

Демегенов Есентемир Елеусинович



Бақылау кеңесінің мүшелері:


Дуйсенбаева Айгуль Кангереевна

Амангалиев Руслан Калыбаевич

Жанабаев Алтынбек Жалгасбаевич

Имансу Ольга Васильевна

Альжанов Нурбек Сагнаевич



Бақылау кеңесінің хатшысы:

Демеубаева Сарыалка Турымтаевна

